



1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАРАФАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz

БЕЙСЕНБІ, 28 ЖЕЛТОҚСАН, 2023 ЖЫЛ №145 (23 321)

www.facebook.com/ortalyq.kz info@ortalyq.kz

• ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Аймақта жұмыссыздар азайды

Биыл облыста жұмыссыз жүрген 50 мыңнан аса адам еңбекпен қамтылды. Олардың қатарында жастармен қатар, мүгедектер мен көпбалалы аналар бар. Аймақтық жұмыспен қамту картасы аясында зейнеткерлік жасқа жақындаған тұрғындар да осындай мүмкіндікке ие болған.

«Жұмыс істеймін» деп талпынған адамға ешқандай шектеу жоқ. Керісінше, мемлекет тарапынан берілетін қолдаудың түр-түрі бар.

Аян Сәбитов – болашағынан мол үміт күтетін жас маман. Ол «Мемлекеттік жергілікті басқару» мамандығы бойынша жоғары білім алған. Талапты жігіт «жастар тәжірибесі» бағдарламасы арқылы мақсатына жеткенін жасырмады. Алғашқы еңбек тәжірибесін партида бастаған. Арада бір жыл өткен соң қалалық мансап орталығының тұрақты қызметкеріне айналды. Аян қазір өзгелерге жұмыс тауып беруге септігін тигізуде.

– Жастарға «Мансап» орталығына келуге кеңес беремін. Мұнда көптеген түрлі бағдарламалар бар. Олар осы арадан өз жолдарын таба алады, – дейді қалалық «Мансап» орталығының жұмыспен қамту және мониторинг бөлімінің маманы Аян Сәбитов.

Өңірде биыл Ұлттық жоба аясында 4 жарым мың жас кәсіпкер жылдық 2,5 пайыздық мөлшермен жеңілдетілген несиеге ие болған. Осы жылы әлеуметтік осал топқа енетін тұрғындарға 212 мемлекеттік қайтарымсыз грант табыс етті.


– Атап айтар болсақ, жыл ішінде 6 мыңнан астам адам белсенді жұмыспен қамту шараларымен қамтылды. Ол дегеніміз – мемлекет тарапынан субсидияланатын жұмыс орындары. Бұдан бөлек, «Жастар тәжірибесі», «Қоғамдық жұмыстар», «Алғашқы жұмыс орны» және «Күміс жас» секілді жобалары жүйелі жүріп жатыр, – деді облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Төлеу Мұқтар.

Бүгінде Қарағанды облысы республикадағы жұмыссыздық деңгейі аз аймақтар қатарында көш бастап тұр. Мұны арнайы сауалнамаға қатысқан тұрғындар да жоққа шығармады. Қала халқының ендігі тілегі біреу – алдағы уақытта баспана алу кезінде жеңілдіктер жасалса.

Айтбала СҮЛЕЙМЕНҚЫЗЫ

Агроөнеркәсіптің өрісі кең

Еліміздің барлық аймағында қарқынды технологияларды енгізу және агроөнеркәсіп кешенінде инвестициялық жобаларды жүзеге асыру арқылы ауыл шаруашылығы өнімінің көлемін арттыру үшін тынбай жұмыстар атқарылуда. Биылғы он айдың есебіне қарасақ, облыста ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 433,8 млрд. теңгеге артқан екен. Санаулы күннен кейін тарихтың еншісіне өтетін биылғы жылда агроөнеркәсіпте тың жобалардың іске асуына ықпал етті. Үр жаңа жобалар кеншілер өңірінде де ел игілігіне берілді. Ол болса, агроөнеркәсіптің тынысын аша түсері даусыз.



Қолтамыр жасап Ш. Амантайұлы

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл шаруашылығының жай-күйіне мұқият талдау жүргізіп, оңтайландыруды тапсырған болатын. Президент ауыл шаруашылығын дамытуда агроөнеркәсіп кешені өкілдерімен және ауыл шаруаларымен кеңесе әрекет етуді қолға алу қажеттігін атаған еді. Себебі, ауыл шаруашылығындағы мәселелердің шешімін табуы мемлекет азаматтарының өмір сүру сапасына ғана емес, сонымен қатар елдің азық-түлік қауіпсіздігіне де ықпал етеді.

Деректерге сүйенсек, республика көлемінде былтыр ауыл шаруашылығы саласындағы өсім 9,1 пайызды құрады. Дикандар 23 миллион тоннаға

жуық астық жинап, ел аузын ақ майға былғағандың. Дегенмен, егіс алқаптарын әртарапандыру және мол өнім беретін дақылдар өсіруге көшу жұмыстары жоспарлы түрде жүргізіліп келеді. Мәселен, елімізде майлы дақылдар өсіретін егіс көлемі шамамен 4 есе ұлғайып, 3,5 миллион гектарға жеткен екен.

– Мұндай оң нәтижеге күнделікті еселі еңбегімен еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға зор үлес қосып жүрген ауыл азаматтарының пайдасы орасан, – деп атап өтті Мемлекет басшысы.

Қазіргі таңда ауылдағы шаруашылықтар ақылды технологияға жүгініп бастаған. Бұл – Қазақстанға енген даму саатының бір түрі. Мысалы, бие мен сиырды сауып аппараттар сауады. Оны өндіріп, тұтынуға дайындайтын электро құралдар, яғни,

электроқубілер, сүзбе машиналары. Тіпті, суармалы егін, көкөніс шаруашылығының өзі де заманауи құрылғы көмегімен жұмыс істейді. Жаңа даму жүйесі қарағандылық ауыл шаруашылығын да айналып өтпеді. Дәл осындай жүйемен облыс бойынша екі бірдей шаруашылық ісін дөңселеуде. Оның бірі – Осакаров ауданына қарасты «Найдоровское» ЖШС болса, екіншісі – Нұра ауданындағы «Шахтер» ЖШС. Бұл екі ферманың бірі – суармалы көкөніс шаруашылығы болса, екіншісі – дәнді дақылдар мен көкөністің элиталық тұқымын өсіруші хәм өндіруші шаруашылық. Мұнда дәнді дақылдар өсіріліп, бапталып, өзге шаруашылықтарға таратылады. Ал, ерекшеліктері ондағы техникалардың күніне қанша шақырым жүргені, жанармайдың мөлшері, алқапқа күніне бөлінетін су мөлшері барлығы арнайы экраннан көрсетіліп тұрады.

«Найдоровское» ЖШС-нің жеке жұмысына тоқталсақ, онда жыл сайын картоптың егіс алаңы ұлғайтылып отырады. Бұның пайдасы жиналған дақылдар көлемінің артуына және сақтау көлемін ұлғайтуда өте зор. Осыған байланысты 2022 жылы 7,5 мың тонна картоп сақтау қоймасының 2-ші кезегінің құрылысы басталды. Бүгін де ол қойма құрылысы тамамдалып пайдалануға берілді. Оның жалпы өнім сақтау сыйымдылығы 16000 тоннаны құрайды.

Ауыл шаруашылық басқармасының мамандары бұл ферманың облысқа берер пайдасы өте мол екендігін атап отыр. Ауыр жұмыстың барлығын компьютер атқарады. Шаруашылықтағы әр трактордың қозғалысы, оның жүріп өткен әр гектары және күндіз жоспарға сай жұмысы арнайы құрылғылар арқылы назарда. Осыған сәйкес адам араласатын жұмыс – тек ол саналы құрылғыларды басқаруға ғана байланысты.

Бұған қоса облысымызда инвестициялық тың жобалар да іске асуда. Айталық, 2024-2026 жылдар аралығында 70-ке жуық инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Ол – 162 млрд. теңгені құрайды. Биыл 11,6 млрд. теңгеге соның 26-сы іске аспақ. Оның ішінде, қазіргі таңда ең қажетті 12 жоба – басты назарда.

• БРИФИНГ

Қордан көмек көбеймек

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының облыстағы жұмысы қорытындыланды. Қордың Қарағанды облысы бойынша филиалының директоры Фазыл Копобаев биылғы жылға аймақтық медициналық мекемелерге қордан 145,8 млрд. теңге қаражат бөлінгенін жеткізді. Ал, келер жылға бұл сома 5,5%-ға артық жоспарланып отырғанын да атап өтті.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Биылға бөлінген соманың 81,6 млрд. теңгесі кепілдік берілген тегін медициналық көмек аясында, 64,2 млрд. теңгесі МӘМС пакетіне бөлінді. Брифингте мәлім болғандай, жыл басында жоспарланған 122 млрд. теңгеге қосымша 23,8 млрд. теңге бөлінген.

– Біздің филиал аймақтағы медициналық қызмет көрсететін 105 ұйыммен келісімшарт жасасты. Жыл ішінде екі келісімшарт бұзылды, бір жаңа медициналық ұйым пайда болды. Халықтың негізінен жүгінетіні, консультациялық-диагностикалық қызметтер. Бейінді мамандардың кеңесін алу, талдаулар мен КТ мен МРТ-дан МӘМС жүйесі арқылы тегін өтуге болатынын көпшілік біледі. Халықтың сұранысының өсуіне қарай бұл бағытта көмек көрсететін ұйымдар мен тиісінше қаржыландыру да өсіп келеді. Биыл облыс тұрғындарына 17 млн. консультациялық-диагностикалық көмек көрсетілді, – деді Фазыл Копобаев.

Спикердің айтуынша, келер жылға медициналық қызметтерді сатып алу үшін 153,9 млрд. теңге жоспарланып отыр. Медициналық қызметтің барлық түрлерін қаржыландыру бойынша өсім бар.

– Мәселен, жедел жәрдем қызметіне – 436 млн. теңге, алғашқы медициналық-санитариялық қызметке 346,6 млн. теңге бөлініп отыр. Бұл ретте келер жылдан бастап, балалар үшін стационарлық көмек, медициналық реабилитация және профилактикалық тексерулер сынды көмектер лот бойынша жеке қаржыландырылатынын айту керек. Жеткілікті түрде үздіксіз қаржыландыру көрсетілетін медициналық көмектің сапалы әрі уақытылы жасалуына негіз болады. Ол үшін қорға түсетін жарна да тұрақты болуы тиіс, – деп атап өтті филиал директоры.

Осы уақытқа дейін облыс тұрғындарынан 180,6



Сурет ашық дерек көзінен

млрд. теңге түскен. Биылғы жылдың 11 айындағы дерек бойынша 56,5 млрд. теңге аударылған. Оның 32 млрд. теңгеден астамы – жұмыс берушілердің аударымдары болса, қалғаны жеке кәсіпкерлер, жеке құрылымдардың, азаматтық-құқықтық шарттар бойынша жұмыс істейтін адамдардың және дербес төлеушілердің жарналары.

– Желтоқсан айының басындағы дерек облыста 926 119 адамның сақтандырылғанын, сондай-ақ, 209 242 адамның жүйеден тыс қалғанын көрсетеді. Сақтандырылмағандардың басым бөлігі медициналық сақтандыру үшін бірде-бір рет жарна төлемеген. Азаматтардың жүйеге қатысуын қамтамасыз ету үшін аймақтық штабтар құрылған. Олардың құрамында түрлі мемлекеттік органдардың өкілдері бар.

• БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Жаңаны білмек керек

Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде «Тау жыныстары мен массивтер геомеханикасы» магистратурасының және «Маркшейдерлік іс» PhD докторантурасының жаңа және инновациялық білім беру бағдарламалары іске қосылды. Қазақстанда алғаш рет әзірленген бұл бағдарлама ел экономикасында шешуші болып табылатын тау-кен металлургия кешені кәсіпорындарын кадрлармен қамтамасыз етуді көздейді.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Маркшейдерлік іс және геодезия кафедрасында осы мәселеге қатысты дөңгелек үстел өтті. Жиналғандардың пікірінше, жаңа білім беру бағдарламасы Қазақстанның барлық жер қойнауын пайдаланушыларының жұмыс жүргізу қауіпсіздігі мақсатында өз құрылымында геомеханикалық қызметті енгізу міндетіне байланысты ашылды.

Магистранттарды даярлау кезінде цифрлық модельдеумен, кеңістіктік, геологиялық және геотехникалық деректерді жинау мен өңдеуді автоматтандырумен ұштастыра отырып, жасанды интеллект мүмкіндігін қолданатын тәсіл көзделді.

Қазіргі уақытта кафедрада «Маркшейдерлік іс» білім беру бағдарламасы бойынша екі деңгейлі дайындық жүргізілуде. Үш деңгейлі дайындықты іске асыру үшін «Маркшейдерлік іс» PhD докторантурасын ашу қажет.

Ғалымдар ҚарТУ-дың ғана емес, сонымен қатар, Қазақстанның басқа да жетекші жоғары оқу орындарының түлектері де осы білім беру бағдарламасы бойынша PhD докторантураға үміткер бола алатынын атап өтті.

Бүгінде Қазақстанның тау-кен өндіру кәсіпорындарында 1200-ден астам маркшейдер жұмыс істейді. Олардың едәуір бөлігі магистратура мен PhD докторантурада оқуын жалғастырысқы келеді.



• БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

Әлеуметтік төлемдерде өзгеріс бар

Елімізде 1 қаңтардан бастап, арнайы әлеуметтік төлем енгізіледі. Ол Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істейтіндерге төленеді. Оны аймақта 5 мыңнан астам адам ала алады. Бұл жайлы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті басшысы Нүркен Блялов Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте айтты.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Оның айтуынша, төлем үш жағдайда төленеді.

– Төлем 55 жастан асқандарға, жұмыс беруші міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын 7 жыл және одан да көп уақыт төлеген болса, зиянды еңбекін тоқтатқан немесе зиянды емес басқа жұмысқа ауысу фактісі болса, төленеді. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының дерегі бойынша облыста бұл критерийлерге сай келетін 5 629 адам бар. Төлем проактивті түрде жұмыскердің шотына түсетін болады. Ешқандай өтініш жазып керек емес. Қауіпсіздікті сақтау мақсатында жеке мәліметтерді үшінші тұлғаларға айтпаған жөн. Себебі, төлемнің тағайындалуына қажетті мәліметтер ақпараттық жүйеден автоматты түрде алынады, – деді департамент басшысы Нүркен Блялов.

Зиянды еңбек жағдайларда жұмыс істейтіндер үшін төлем төрт жерден түседі. Біріншісі – республикалық бюджеттен түсетін, арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақы, ең төменгі күнкөріс деңгейінің 2 еселенген мөлшерде (86 814 теңге). Соған БЖЗҚ-да жинақталған сомаларды жеке негізге ала отырып төленеді. Ол міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және міндетті зейнетақы жарналары есебінен құралады. Үшіншіден, өмірді сақтандыру компаниясынан ең төменгі күнкөріс деңгейі (43 407 теңге) мөлшерінде болатын сақтандыру төлемі және жұмыс берушінің қаражаты есебінен ең төменгі күнкөріс деңгейі мөлшеріндегі кәсіби төлем.

Бұл ретте қазіргі уақытта зиянды жұмыс орындарында істемейтін адамдарға аталған төлем бюджет және БЖЗҚ есебінен төленетінін айта кету керек.

– Аталған төлемдердің ішінен департамент арнайы кәсіби мемлекеттік жәрдемақы, яғни, бюджеттен төлем тағайындайды. Төлем тағайындауға жүгінген жағдайда қызметкер зиянды еңбек жағдайларында жұмыстан кетуге міндетті. Яғни, ол өндірістегі зиянды емес жұмысқа ауыса алады немесе басқа жұмысқа орналасады. Зиянды еңбек жағдайларына қайта оралған жағдайда төлем автоматты түрде тоқтатылады. Арнайы әлеуметтік төлем зейнетақы емес және өмір бойы тағайындалмайды. Зейнеткерлік жасқа толғанға дейін төленеді. Қосымша ақпаратты департаменттен алуға болады, – деді Нүркен Аманбайұлы.

Департамент мамандары биыл мүгедектікті және еңбекке қабілеттілігін айырылуы белгілеу және әлеуметтік қорғаудың қажетті шараларын айқындау бойынша барлығы 16 050 мемлекеттік қызмет көрсетті.

Брифинг барысында негізгі мемлекеттік төлемдер де айтылды. Жасы және

еңбек сипірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерінің мөлшері 9%-ға артады. Мәселен, жасына байланысты жаңадан тағайындалған зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу үшін 55 АЕК (203 060 теңге) алынады.

– Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейінің жаңа мөлшеріне пайыздық қатынаста белгіленеді. Мәселен, 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі 10 жыл және одан аз болғанда немесе болмағанда ең төменгі күнкөріс деңгейі шамасының 65%-ы (60%-дың орнына) мөлшерінде, зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі 10 жылдан артық әрбір толық жыл үшін оның мөлшері 2%-ға артады, бірақ, ең төменгі күнкөріс деңгейі шамасының 105%-нан аспайтын мөлшерде беріледі. Бұл жаңа тағайындалған зейнеткерлерге және 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін зейнетке шыққандарға да қатысты, – деді департаменттің зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің басшысы Ләззат Сембек.

Мүгедектігіне және асыраушысынан айырылу жағдайына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақалардың мөлшері де ең төменгі күнкөріс деңгейінің жаңа мөлшеріне қатысты көтеріледі. Брифингте айтылғандай, I топ – 95 496 теңге, II топ – 76 397 теңге және III топ 52 089 теңге мөлшерінде жәрдемақы алады. Инфляцияның Ұлттық Банк бекіткен деңгейі 7% болып қала береді.

– Мүгедектікті белгілеуді сырттай проактивті режимде өткізудің арқасында азаматтарға, барлық қызметкерді бір медициналық ұйымда алу мүмкіндігі туды, – деді департаменттің медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімінің бас маманы Бағдат Тұяқбаева. – Пилоттық жоба облыста былтырдан бастап жүзеге асырылды. Қазіргі таңда әзірше нозологиялардың 20 пайызы ғана пилотқа қатысады. Олар онкологиялық аурулар, туберкулез, ересек адамдарда қан айналым жүйесінің, терминалды бүйрек жеткіліксіздігімен зәр шығару жүйесінің аурулары, психикалық және мінсез-құлық бұзылыстары, балаларда I типтегі қан диабеті, туа біткен және жүре пайда болған анатомиялық ақаулар, Даун ауруы. Облыстың барлық емханалары пилотқа қатысады.

Наукас диагностикалық, емдік және реабилитациялық шараларын өтеді. Оның денсаулық жағдайы туралы мәлімет медициналық қызметкерлермен медициналық ұйымдардың ақпараттық жүйелеріне енгізіледі. Егер мүгедектіктің белгілері бар болса, емдеуші дәрігер медициналық-әлеуметтік сараптамаға жолдама мен жеке оңалту бағдарламасын әзірлейді.

Бағдат Тұяқбаева айтқандай, жоба науқастың кешенді проактивті қызмет алуына, уақытын үнемдеуіне мүмкіндік береді.

Жемқорлыққа жол бермеу – міндет

Облыс әкімдігінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі өңірлік комиссияның қорытынды отырысы өтті. Денсаулық сақтау саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері, сондай-ақ, жастар арасында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу әдістері талқыланды. Кеңеске облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев пен Қарағанды облысы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет департаментінің басшысы Сергей Перов қатысты.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Денсаулық сақтаудағы сыбайлас жемқорлық туралы Қарағанды облысы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет департаменті басшысының бірінші орынбасары Әсет Арыстанбеков хабарлады. Атап айтқанда, қызмет медициналық жабдықтарды тиісті сертификаттар мен куәліктерсіз сатып алудың фактілері анықталған.

– Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау нәтижесінде оларды жою жоспары жасалды. Әр тармақ талдауларға негізделген. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қабылданып жатқан шаралардың тиімділігін арттыратын қосымша ұсынысымыз бар. Біріншісі, облыстың медициналық ұйымдарының басшыларын міндетті ротациялау. Екіншіден, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін дербес анықтау үшін медициналық ұйымдардың штат кестесіне комплаенс-офицерлердің оқшауланған дербес лауазымдарын қосуды қамтамасыз ету. Үшіншіден, анықтамада көрсетілген барлық фактілер бой-



ынша тәртіптік сипаттағы қатаң шаралар қабылданып, – деп атап өтті Әсет Арыстанбеков.

Сондай-ақ, Теміртау қаласының әкімі Ораз Тауірбековтің, жастар саясаты жөніндегі және ішкі саясат басқармалары

басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар туралы баяндамалары тыңдалды.

Аймақ басшысы осы қарқынды бәсеңдетпей, профилактикалық жұмыстарға көбірек көңіл бөледі тапсырды.

– Қалалар мен аудандардың әкімдері,

• ЖОБА

Далада қалдырмас «Күміс жас»

Биылғы жоспар артығымен орындалды. Айтпағымыз «Күміс жас» жайында. 2023 жылдың басынан бері 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде 15 148 адам жұмысқа орналастырылған. 2023 жылы осы бағыт бойынша барлығы 14 295 адамды жұмысқа орналастыру жоспарланған болатын. Бұл туралы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.



Айта кетейік, 50 жастан асқан және зейнеткерлік жасқа дейінгі жұмыссыз азаматтар аталған жобаға қатыса алады. Ол үшін мансап орталығына өтініш беру қажет.

«Күміс жас» жобасын қаржыландыруды еңбек мобильділігі орталығы жұмыс берушінің жоба шеңберінде жұмысқа орналастырылған жұмыссыздарға еңбекке

төлеуге жұмсаған шығындарының бір бөлігін өтеуге субсидиялар беру жолымен жүзеге асырады.

Субсидиялардың мөлшері жұмыстың бірінші жылында жалақы мөлшерінің 70%-ын (бірақ 30 АЕК-тен аспайтын), жұмыстың екінші жылында жалақы мөлшерінің 65%-ын (бірақ 30 АЕК-тен аспайтын), жұмыстың үшінші жылында

жалақы мөлшерінің 60%-ын (бірақ 30 АЕК-тен аспайтын) құрайды.

«Күміс жас» жобасына қатысу мерзімі аяқталғаннан кейін жұмыс беруші зейнеткерлік жасқа толмаған адамды кемінде 1 жыл мерзімге, сондай-ақ, зейнеталды жастағы азаматты зейнеткерлікке шыққанға дейін тұрақты жұмыспен қамтуға міндетті.

«Күміс жас» жобасы бойынша жұмысқа орналасқандардың ең көп саны Түркістан (2103 адам), Алматы (1098 адам), Қарағанды (1092 адам) және Ақтөбе (1056 адам) облыстарында.

Қазақстандықтардың көбі жобаға оң бағасын береді.

«Менің жасым 57-де, инженер мамандығын игергенмін. Жұмыссыз болғандықтан мансап орталығының көмегіне жүгіндім. Онда жұмысқа орналасудың бірнеше нұсқалары ұсынылды, соның ішінде, «Күміс жас» жобасы да болды. Мен «ДЕДАЛ» ЖШС оқу орталығында алғашқы қысқа мерзімді оқудан өттім, сонан кейін сол фирмаға арнайы киім тігуші болып жұмысқа орналастым», – деді қарағандылық Владимир Ким.

Жобаға қатысушының айтуынша, «Күміс жас» жобасы оған өзін сұранысқа ие жұмысшы ретінде сезінуге мүмкіндік берді.

Бүгінгі күнде Қарағанды облысында «Күміс жас» жобасы бойынша 1092 адам жұмыспен қамтылып, оның 82-сі тұрақты жұмыс орындарына орналастырылды.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Жарқыра, шырша шамдары!

Қарағандыда Тәуелсіздік алаңында бас шыршаның шамдары жағылды. Аяз ата, Ақшақар мен оның достары Қоян жылын шығарып салып, Ұлу жылын қарсы алды.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алаңда ине шаншар орын жок. Күллі жұрт осы бір керемет көріністі тамашалауға жиналған. Барлығының көңіл күйі көтерілді. Әрі ауа райы да – тамаша. Анау бір жерде кішкентайлар «Аяз аталап» тұр. Мына бұрышта әсем әнінің ырғағымен тербелген жастар. Үлкендеріміз де осында, немерелерін жетелеп келіпті. Бар назар – сахнадағы Аяз атада. Себебі, жыл кейіпкерлері «Бізге қандай тосын сый ұсынады?» деген үміт басым бойда.

– Биыл Тәуелсіздік алаңына биіктігі 20 метр болатын шырша қойылды. Былтыр осы жерде тұрған шыршаны С.Сейфуллин атындағы қазақ драма театры-

ның алдына қойды. Одан бөлек, қалаға жеті шырша қойылған. Сонымен қатар, «Жеңіс», «Орталық» және «Майқұдық» саябағына жаңадан үш шырша орнатылған, – деді Қарағанды қаласының саябақтар мен скверлер басқармасының директоры Талғат Байтохин.

Биылғы шеру – былтырғыдан өзгереді. Әуелі қала қонақтары үшін лазерлі шоу қойылды. Аяз ата мен Ақшақар жыл символымен бірлесе билеп, өлең айтты.

– Сонымен қатар, үш саябақта мұз айдыны ашылады. Ауа райына байланысты мұз айдындары кейінірек ашылады. Қоныс жалға алушылар үшін баға былтырғыдай өзгеріссіз қалады. Яғни, 500 теңге. Ал, өз коньки-



лерін алып келгендерге сырғану – тегін, – деді Талғат Нұрғазыұлы.

Мерекелік шараны тамашалауға қала тұрғыны Айдар жары және балаларымен бірге келген.

– Осы бір керемет көріністі балаларға көрсетуге келдік. «Шырша шамдары жағылады» дегенді естіген күннен бастап, «осында апаршы» деп күнде өтініш жасады. Бүгін отбасымен бірге келіп, керемет шара-

ның куәгері болдық. Отшашу тамаша! Әрі лазерлік қойылым да ерекше. Табалдырығымыздан аттағалы тұрған Жаңа жыл тек жақсылығымен келсін. Ең бастысы, Отанымыз аман болсын, – деді ол.

Шара мерекелік концертке ұласты. Өнер адамдары қала тұрғындары үшін әннен шашу шашты.

Суретті түсірген автор

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

Инспекцияда жаңа жабдық

Нұра-Сарысу бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы жаңа көліктер мен жүзу құралдарын, қайықтар, моторлы рензек қайықтар және қарда жүретін көліктер алды. Сондай-ақ, инспекция қызметкерлері планшеттер, бейнегіркегіштер, шатырлар, ұйықтайтын қаптар және нысанды киім-кешекке ие болды. Бұл туралы инспекцияның баспасөз қызметі хабарлады.

Салтанат ГЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аталған жабдықтарды балық шаруашылығы дамыту бағдарламасы аясында Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті сатып алған. Бұл балық ресурстарын және басқа да су жануарларын сақтау, қорғау және молықтыру мақсатында жасалады.

– 2023 жылдың басынан мемлекеттік инспекторлар балық аулау ережелерін бұзған 227 факт анықтады. Оның ішінде, 19 материал сотқа жіберіліп, 3 млн.

тенгеден астам сомаға айыппұл салынды және өндірілді. Үш эпизод бойынша балық ресурстарын заңсыз аулағаны үшін қылмыстық іс қозғалды. 1,7 миллион теңге шығын өндірілді, – дейді инспекция қызметкерлері.

Инспекцияда жаңа техника мен жабдық балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау бойынша рейттік іс-шараларды тиімді жүргізуге, браконьерлікпен күресуге, сондай-ақ, ихтиологиялық қызметті тиімді жүргізуге мүмкіндік бермек.

• ЕҢБЕК АДАМЫ

Сәрсенбінің сәті

Сарыоба, Өшірбейжан,
Қарабұжыр,
Бауырыңнан қашқан алтай
түлкің қызыл.
Түскенде сен есіме
Сұлу шоқы,
Қол бұлған шақырғандай
бабам Қызыр...

Бұл ұзақ толғау еді... Кешегі советтер заманында Ақтаудың ұлы байтағын мекен еткен Райыс ауылының халқына толғаудағы жер-су аттары сондай ыстық. Туған жер туралы толғауды нәшіне келтіре орындаған әнші жігіттің дауысы таңғы ауамен қалықтай көтеріліп, Сұлу шоқының ұшар басына қонақтап қалғандай. 1964 жылдың бесінші қаңтарында Сәрсенбек осы Өшірбейжан қыстағында дүниеге келген. Содан бері қаншама жылдар жылжып өтті. Арқаның құлан нек құба таңы айналаға жарығын молынан шаша бастаған. Қарабұжыр қыстағынан өрген ақтылы отар Өшірбейжанның Қос шоқысын бетке алып, қаптай жайылып келеді. Таң бозынан тұру Сәрсенбектің қашаннан әдеті еді. Ердің алдығы қасына ілген шағын дыбыс жазу қобдишасынан шалқып шыққан күміс әуендерді тыңдау ұлы дала перзентінің сүйікті әдетіне айналғалы қашан... Ай айнап, жылдар жылжып жатты. Бұл Сәрсенбектің 1994-1997 жылдары Ақтау совхозының «Жас талап» шаруа қожалығында еңбек етіп жүрген кездерінің бір үзік суреті еді... Бүгінде сол бір сағынышқа толы сәттер есіне жиі түседі.



Суретте ортада тұрған Сәрсенбек Байзитов

анамыз.

– Біз осы Анамыздың қол астындағы еңбек адаммыз ғой, – деп әзілдейді Сәрсенбек. Әрине, Шәйі анамыз кешегі Аужекен бастаған істі әрі қарай өркендетеді. Дастарханынан береке кетпеген ардақты Ананың кейінгі ұрпаққа айтар ақылы мен көрсетер өнегесі мол екені рас. Аманкелдідей асқар тау әке, Шәйідей ақылман ананың тәрбиесі Сәрсенбектің бойына азаматқа тән барлық жақсы қасиеттерді дарытса керек. Оның үстіне шаңырағының алтын қазығы, ақылына көркі сай Ғалия ару болса, еңбегің қалай алға баспасын.

Бидайық ауылына қоныс аударған 2001-2005 жылдар аралығында «Жас талап» шаруа қожалығының жетекшілігін әрі қарай жалғастырған. Істің тетігін білетін қабілетті азамат аудан басшылығының назарына бірден ілікті. 2005-2017 жылдар аралығында Жаңаарқа ауданына қарасты Бидайық ауылдық округінің әкімі қызметін атқарды. «Әкім бол, халқына жақын бол» қағидасын ұстанған Сәрсенбек Аманкелдіұлы халық ықыласына, алғысына бөленген әкім бола білді.

Бұл күнде Сәрсенбек Аманкелдіұлы Байзитов Жаңаарқа ауданының беткеуіне белді азаматы. Сәрсенбектің абыройлы істері мен мерейлі сәттерін көрген үлкендер «Ее, әкесі Кәбәшқа тартса қайтып жаман болсын», – деп сырттай сүйсініп отырғанына талай куә болдық. Халықтың бұл ықыласының жөні бар. Әкенің өнегелі өмірі мен абыройлы еңбек жолы Сәрсенбектің болашағына үлкен мектеп болды. Әсіресе, 2005-2017 жылдар аралығында Жаңаарқа ауданына қарасты Бидайық ауылдық округінің әкімі қызметін атқарған кездерін ауыл тұрғындары әлі күнге ұмытқан жоқ. Ауылдың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын көтеруде Сәрсенбек Аманкелдіұлы тамаша жетістіктерге жетті. Жекелеген шаруа қожалықтарының дамуы мен өркендеуіне кең жол ашылды. Ауыл шаруашылығын қолдау барысын-

да көрсетіліп жатқан мемлекеттік жеңілдіктер мен мүмкіншіліктерді дер кезінде бағамдап пайдала-

нудың өзі тікелей ауыл әкімінің алғырлығына, іскерлігіне байланысты екені белгілі.

Әкеден алған тәлім мен бойындағы біліктілік пен білімі, өмірден көрген, үйренген тәжірибесі аз-ақ жылда Сәрсенбекті құрыштай шынықтырған. Астана Алаш халқының айбары, абыройы деп түсінген ауыл әкімі Бидайық ауылының ортасына бәйтерек символын орнатты. Бидайықтың бәйтерегі туралы сол кезде БАҚ-ы жарыса жазып жатты. Ауылда саябақтың ашылуы, соғыс ардагерлеріне арналған ауыл халқының рухани-салауатты өмір салтына арналған кешендердің барлығында Сәрсенбектің идеясы мен қолтаңбасы бар екендігі ақиқат. Бидайық ауылының командасы ауылдық спартакиадаларда 10 жыл қатарынан спорттың 16 түрінен чемпион атануы біраз жайды аңғартса керек.

Еңбекке ерте араласқан Сәрсенбек Аманкелдіұлы 2018 жылдан бастап, осы күнге дейін «Жаңаарқа ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы ретінде еңбек етіп келеді. Жаңалыққа, жасампаздыққа жаны жақын жүданың Сәрсенбектің айшықты қолтаңбасы Жаңаарқа ауданының 90 жылдық мерейтойында бүкіл қазақ даласына, қала берді әлемге әйгілі «Мың күбі» идеясын іске асыруда тағы бір көрінді. Ақиқатын айтсақ, тарихта қалдар рухани-мәдени іс-шараның мінсіз атқарылуына тікелей үлес қосты. Әрине, идея айтылады, бірақ соны іске асыру қаншама күш-жігерді, тынымсыз еңбекті қажет ететіні белгілі ғой. Жез қамзол киіп, бастарына ақ ормал тартқан Арқа арулары мың күбіні бір мезетте күмілдетіп піскен кезде, Жаңаарқаның айбоз даласынан бал қымыздың жұпар ісі аңқып қоя бергенін кім ұмыта қойсын.

Жаңаарқаның қымызы... Таңдайыңнан дәмі кетпейтін бал қымызды кім аңсамайды дейсіз.

Арқаға аңыз болған Ғалияның қымызын білмейтін ат тұяғы жертер жерде жан жоқ шығар. Жо-жоқ Балұан шолалық Ғалиясы емес кәдімгі ортамызда жүрген Сәрсенбектің Ғалиясы! Қазақта өнегелі отбасы деген тамаша бір ұғым бар. Өз басым хәм мен сияқты қазақтың талай азаматы осы сөзді Сәрсенбектің отбасына айтар едік. Жаз жайлауда ала таннан тұрып әке-шешесіне көмектесіп жүгіріп жүрген балаларды көргенде іштей сүйсінуші едік. Есімізге еріксіз қаланың ерке-тотай балалары түсетін. Адам бақыты адал еңбектен екендігін осы Сәрсенбек пен Ғалияның перзенттері көрсетті. Бұл күнде тұңғыш қызы Мереке ғылым докторлығын қорғауға дайындық үстінде. Ұлдың үлкені Абай облыстық сот саласында қызмет жасап жүр. Одан кейінгі Ақерке мемлекеттің жастарға көрсеткен қолдауы нәтижесінде Жаңаарқа кентінің орталығынан «Логопед» орталығын ашып, қаншама жеткіншектердің сауабын алып жүр. Бәрі де отбасылы, жас шаңырақ шамшырақтары. Үйдің кенжесі Асылбек Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің студенті.

Еңбекпен есейген ұрпақтың ел қодесіне жарап, жақсы азамат атанатыны әлімсақтан белгілі жағдай. XX ғасырдың күмбыл тарихында есімі қалған Баязит ақсақал, заманында ел алғысына бөленген Аманкелді (Кәбәш) әкелеріміздің даңғайыр жолын оның бүгінгі ұрпақтары Сәрсенбек, Абай, Асылбек немересі Абылайлар лайықты жалғастырып жатса бұл да ұлы дала ұрпақтарының сабақтастығы емес пе?! Міне, өмір заңдылығы осылай жалғаса бермек!

Азаматтың адал еңбек, маңдай тері мемлекет тарапынан ескерусіз қалған жоқ. 2009 жылдың қорытындысымен Жаңаарқа ауданының әкімі мен мәслихат хатшысы шешімімен мемлекеттік қызмет саласы бойынша «Үздік селолық округі әкімі», 2011 жылы «Өз мамандығының үздігі» марапаттары берілді. 2020 жылы III дәрежелі, 2022 жылы II дәрежелі «Еңбек даңқы» төсбелгісімен, 2021 жылы «Қазақстан Туалық сәтінгіне – 30 жыл» мерекелік медалімен, бірнеше мәрте Жаңаарқа ауданы әкімі мен мәслихатының Құрмет грамотасымен және Алғыс хатымен марапатталды. Әрине, азаматтың абыройы бұл атақ-марапаттармен өлшенбесі анық. Ең бастысы сіңірген еңбектің нәтижесі мен берекесінде ғой. Артында өшпес ізі мен халықтың риясыз алғыс-батасы қалса, азаматқа одан артық қандай бақыт керек.

Бір қызығы осы әфсана сәрсенбі күні жазылды. Сәрсенбек те сәрсенбінің сәтінде дүниеге келіпті. Ғұмырыңның әр күні сәтті болсын, Сәрсенбек замандас!

Қойлыбай АСАН,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі,
ҚР Мәдениет қайраткері

• ДІН – ДИҢГЕК

Иманды елге нұр жауар

Приозерск қаласында жана мешіт бой көтеріп, салтанатты ашылу рәсімі болып өтті. Ашылу рәсіміне Қарағанды облысының наиб имамы Қоныскерей Хумар бастаған дін өкілдері, қала әкімі Мансұр Ахметов, шағын шаһардың тұрғындары қатысты.



Нұрғос КӘРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

Ең алдымен, облыстың наиб имамы Қоныскерей Хумар Құран оқып, бата жасап, жүрекжарды лебізін білдірді. Жаңа мешіттің имамына қасиетті Құран кітабын сыйға тартты. Сонымен қатар, игі шарада сөз алған қала әкімі Мансұр Ахметов мешіттің ашылуымен құттықтап, демеушілерді Алғыс хатпен марапаттады.

– Мешітті салудағы мақсат – қаламыздың халқын рухани нәрмен сусындату, жас ұрпақтың бойына имандылық дарыту. Мі-

нәжат үйінің іргетасын қалап, бой көтеруіне мұрындық болған азаматтар ел ертеніне ерекше үлес қосты. Жаңа жыл қарсаңында осындай еңселі имандылық үйінің бой көтеруі көңілге қуаныш сыйлайды. Осы мешіттің құрылысына аталысқан барша азаматтарға шын жүректен алғыс білдіремін, – деді Мансұр Ахметов.

Сондай-ақ, демеушілер тілегін жеткізіп, арнайы сыйлығын тарту етті. Екі бас сәлем намазы оқылды. Келген қонақтарға дастархан жайылып, қонақасы берілді.

ПРИОЗЕРСК

Суретті түсірген автор

Е.Бөкетов Қарағанды университетінің экономика және заң факультеттері түлектерді бакалавриат пен магистратураның келесі мамандықтары бойынша мамандар даярлайды:

«Т-кәсіпкерлік және цифрлық экономика», «Математикалық экономика, статистика және деректерді талдау» (информатика + математика), «Экономика» (докторантура бар), «Менеджмент», «Есеп және аудит», «Қаржы», «Мемлекеттік және жергілікті басқару» (докторантура бар), «Маркетинг және SMM», «Логистика», «Мемлекеттік аудит», «Әлемдік экономика», «Кәсіпкерлік және жобаларды басқару» (география + математика), «Туризм», «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» (география + шет тілі), «Құқықтану» (докторантура бар), «Халықаралық құқық», «Сот және прокурорлық қызмет», «Кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу», «Қылмыстық кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл және экономикалық қауіпсіздік», «Мемлекеттік билік және басқару органдарының қызметін құқықтық қамтамасыз ету», «Бизнесі заңдық қамтамасыз ету», «Жеке құқық» (дүниежүзі тарихы + адам, қоғам, құқық). Мем.лицензия: KZ83LAA00018495, «ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ғылым және білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті» 28.07.2020 ж. берген, тел.: 8(7212)35-64-05, <https://buketov.edu.kz/>, priemka@ksu.kz №685

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, мемлекеттік қызмет және жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9.00-18.00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fink.kar@minfin.gov.kz

«Saryaqta Aqparat» ЖШС ұжымы медиахолдинг директорының орынбасары Гүлмира Шалабайқызына туған бауыры **Ғабит Шалабайұлы Жұмадидиновтің** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

• ДЕНСАУЛЫҚ

Асқа абай болыңыз!

Жаңа жыл қарсаңында аймақ гастроэнтерологтары дабыл қағады. Дәрігерлердің алаңдауының жөні бар. Былтыр жыл басын қарсы алу мерекесінде дәрігердің шұғыл көмегіне жүгінген науқастар саны алдыңғы жылдардан 20 пайызға көбейген. Олардың арасында созылмалы ауру асқынуына тап болған сырқаттар бар. Осыған орай, облыстық клиникалық аурухананың мамандары жаңа жылдық дастархан мәзірінің шарттары мен рационалды тамақтану ережелерін сақтау қағидалары жайлы халыққа кеңес берді. Сонымен қатар, астан улану кезінде не істеу қажеттігін құлағдар етті.



– Жаңа жыл мерекесінің дастарханы тағамдарға бай болатыны анық. Дегенмен, «Ауру – астан» деген ескертпен әрдайым жадыдан шығармау абзал. Мереке күндерінде де, рационалды тамақтану ережесінен таймаған жөн. Мәселен, көп адамдар Жаңа жылда күндіз нәр татпай жүріп, түнгі сағат он екіде тамақтанады.

Ол ағзаға ауыр жүк түсіріп, денсаулыққа зиян тигізеді. Медицина тілмен айтқанда, асқазан-ішек жолдарының бұзылуына әкеп соғады. Ал, созылмалы ауруы барлар асқын процесіне тап болуы әбден мүмкін, – деп ескертті облыстық клиникалық аурухананың гастроэнтеролог-дәрігері Адина Игенбекова.

Тамақты мөлшерден тыс пайдаланған кезде ас қорытуды жеңілдету үшін ферменттік дәрі-дәрмектерді қабылдаған дұрыс. Бұлай істемеген жағдайда, майлы, қуырлық тағамдар мен тұзды, спирттік ішімдіктер іштің кебуін ұлғайтып, тамақтың қорытуын қиындатады. Кейін мұндай адамдардың ұйқы безінде проблема туындауы әбден ықтимал деп отыр дәрігерлер. Тамақтан улану кезінде не істеу керек?

Жаңа жылдық дастархан мәзірінде майлы ет пен балық, майлылығы жоғары қаймаққа әзірленген тауық еті мен майонезге дайындалған салаттардың адам ағзасына зардабы жоғары. Мерзімі шығып кеткен бұл тамақтар әдетте улануға әкеп соғады. Сондықтан, тәуліктің бірінші жартысында әзірлеген жоғарыдағы тамақты 8 сағаттан кейін тұтынбаған дұрыс. Ал, аталған тамақтан уланған адам құсып, дене қызуы көтеріледі. Ондайда уақыт өткізбей жедел жәрдем шақыртып, жұқпалы аурулар ауруханасына барып, дәрігердің көмегіне жүгіну керек, – дейді гастроэнтеролог Адина Игенбекова.

Талап бойынша кешкі тамақтану уақыты ұйқыға жатардан үш сағат бұрын болуы керек.

Айтбапа СҮЛЕЙМЕНҚЫЗЫ

• ЕЛ ІШІ – ӨНЕР КЕҢІШІ

Ұлттық қолөнер – тәрбие көзі

Өмірде өнер туралы сөз ететін болсақ, алдымен ойға халқымыздың қолөнер дәстүрі оралады. Өнердің ерекшесі – ұлттық қолөнер.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының міндетін атқарушы Нұрғүл Кеңесқызы өске-

Осы орайда Шет ауданы білім бөлімінің әдіскері Баян Хамитқызының бастамасымен Нұра жалпы білім беретін мектебінде «Құндылыққа негізделген тәрбие мен білім» атты облыстық форумның мектепшілік кезеңі өтті.

Рухани құндылықтар бағыты бойынша ұлттық мұраға ұқыпты қарау, дәріптеу көзделді. «Даналық мектебінің» жоспарына сәйкес «Қызғалдақтар» қыздар клубының 21 оқушысы мен «Гибрат» әжелер клубының мүшелері ауылымыздың қарт әжелері – Райхан Дүйсебаева, Рауаш Сағи-таева, Жанна Әлібекова өскелең ұрпаққа ұмыт болып бара жатқан ұлттық қолөнерді насихаттады. Ұршық иіру, тоқыма, кесте тоқу, сыпыра тігу, құрақ құрауды үйретті. Ата-баба мұрасына бала бойына ұлттық өнер үлгілері арқылы сіңіріп, қолмен істеп, көзбен көрсетіп, тәжірибе арқылы орындау – жақсы дәстүр екенін атап өтті. Осылайша салт-дәстүр,



әдет-ғұрыпты жаңғыртты.

– Әрбір жұмыс бойымыздан шыдамдылық пен ұқыптылықты, саусақтың икемділігін талап етеді. Халық өнерін насихаттай жүріп, қолөнерге деген қызығушылық арттады, – деді Рауаш Сағи-таева.

лең ұрпаққа ұлттық қолөнерді көрсетіп, үйреткендері үшін әжелерге алғыс айтты.

Ботақоз АХМАДИЕВА,
«Қызғалдақтар» клубының жетекшісі

Шет ауданы



• КӨКЕЙКЕСТІ

Ақтоғайда Ұлттық қорық ашылса...

«Ақтоғай теміржол тартылмай, өркениет көшінен кенде қалған» дегенді ел жиі айтады. Теміржол былай тұрсын, тас жолдың жағдайы әуірімдеп биыл қолға алынды. Туристер ат басын тіреп, қызықтағысы келеді. Алайда, небәрі 506 гектар жері ерекше қорғалған аймақ қатарында.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Туристер қызықтағысы келеді


Мәселе тек тас жолмен бітсе жақсы, келіп-кеткендер табиғатты қоса ластауда. Қалай болса, солай жүріп өтіп, тастағы таңба бетіне түрлі бояулармен сурет салатындар бар. Ал ақсақалдар сак, қола дәуірінен қалған тастағы таңбалар, тарихи жәдігерлерді сақтап қалғысы келеді. Архивте шаң басып жатқан «Қызыларай-Бегазы» тарихи-мәдени қорығының дайын жобасы 2005 жылдан бері қорғаушысы мен қолдаушысын күтуде.

Сарыарқаның сайын даласындағы биік нүкте – Қызыларай тауында Ақсораң (биіктігі – 1565 метр) және Қарасораң шыңы (1345 метр) бар. Әлкей Марғұлан ашқан Бегазы-Дәндібай мәдениеті мен ежелгі сак, андронов мәдениеті, түркі дәуіріндегі көне таңбаларға бай петроглифтер әлі күнге тастарда таңбала-нып тұр.

– Бегазы қорымындағы металл сынықтарының түрі Еуропа жерлерінен табылған қоладан жасалған бұйымдардың металымен сәйкес болып шыққан. Белгілі ғалым Сағындық Жауымбаев Германиядан келген археологтармен бірлесіп, Бегазы-Дәндібай мәдениетіне ортақ озық үлгі тапқан, – дейді өлкетанушы Тұңғышбай Мұқан.

Сондай-ақ, Қызыларай сілемдерінде неолит дәуірінің таңбалары бар жақпар тастары көп Әулиетау тұр. Тарихшылар ежелгі адамдардың суреттерді биік тақта тастарға жосаны итмұрынға езу арқылы таңбалағанын анықтаған. Бұған дейін Шығыс Қазақстан облысының Ақбауыр жерінде кездескен таңбалар неолит дәуіріндегі зертеуін күтіп жатқан көне тарих.

– Неолит дәуіріне тиісті таңбалар еліміздің екі жерінде бар. Оны сақтауымыз керек. Біле тұра, таңбалы суреттерді аяусыз шимайлау – ұят. Болашақ ұрпаққа бүлдірмей табыстау – борышымыз десек, тұрғындардың маңызды мекенге неміқрайлы қарайтыны өкінішті. Егер бұл мемлекеттік деңгейде қорғауға алынса, тыйым салынса, қолда бар жәдігерді



сақтап қалар едік, – дейді ақтоғайлық Жеңіс ақсақал.

Аудан бойынша туристер жиі қызықтайтын Әулиетау, Желтау, Жалпаққайың, Бірлестік, Калинин, Шанырақтас, Дастар, Кенелі, Қызылтас, Бақырбай, Көрпетау, Бектаута, Бегазы таулары ерекше сұранысқа ие. Десек те, Бектауатадан адам қолымен шимайланған жазуларды жиі кездестіруге болады.

– Әулиетауда қолмен шимайланған жазулар бар. Оларды жазда Қызыларай, Шабанбай би ауылының мұғалімдері мен оқушылары өз еріктерімен өшіріп, жуып кеткен. Жалпы, Әулиетау аймағына рұқсатсыз кіруге тыйым салынған. Бірақ, заңсыз кіретіндер бар. Егер мемлекеттік қорғалған тарихи-мәдени қорыққа айналса, заңдық күші басым болар еді, – дейді «Қызыларай» орманшылығының басшысы Қайрат Шайарыстанов.

Тарихи-мәдени жәдігерлер ретінде сақталған сыртқары 10-15 шақты кішілі-үлкен таулардың ішінде Егіз Қойтас тауынан екі жаққа аққан тау суынан Қарағандыға қарай Шерубай-Нұра өзені қалыптасқан. Ал, Балқашқа Тоқырауын

өзені құяды. Бірінде шортан балығы жүзсе, Тоқырауында Қызыл кітапқа енген Іле қарабалығы (маринка) бар. Баяғы терең қарасулар, ақ балығы мен алабұғасы бар



Сурет шығарушысының

бар. Таулы аймаққа саяхат жасағандар бөдене, сарыала қаздар да қылаң беретінін айтады.

Қорық жобасы әзір, тек әрекет керек

Жергілікті тұрғындардың айтуынша, қазіргі таңда туристерді қадағалайтын орманшылар саны жетіспейді. Сондықтан, бір орманшы 60-70 шақырымға дейінгі аралықты бақылауға мәжбүр. Ал, орманшылар «кемінде екі күн кететін шақырымдарды артқа тастап, барлық жерді бақылап өту мүмкін емес» екенін алға тартады.

Тұңғышбай ақсақалдың айтуынша, 2004 жылдары жасалған «Қызыларай – Бегазы» тарихи-мәдени қорығының жобасы дайын тұр. Жоба 2008 жылы қарауға қайта ұсынылғанымен, қолдау таппаған. Облыстық туристік базасын нығайту жоспарланған құжатта тас жолды жөндеу арқылы Қарқаралы – Қызыларай – Бектаута кереметтерін паш ету нұсқасы бар.

Ақтоғай ауданы әкімінің орынбасары Абылай Базыловтың айтуынша, аудан тарапынан Мәдениет және ақпарат министрлігіне «Ақтоғайға ұлттық қорық қажеттігі» жайлы хат жолданған...

• ТЕАТР

Ғажайып шырша маңында

Қарағандының театрлары балаларға мерекелік көңіл күй сыйлайды. Биыл 50 жылдық мерейтойын атап өткен академиялық музыкалық комедия театры «Незнайка» мюзиклін сахналады. «Буратино» театр-студиясында «Дракончик Гоша» мен «Закладованная планета» ертегілері көрермен назарына ұсынылды.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Незнайка» мюзиклі көрерменді кішкентай балалардың әлеміне жетелейді. Персонаждардың арасындағы ең көңілдісі, алғыры және тентегі – басты кейіпкердің өзі. Ұшқыр қиял мен ғажайыптар туралы айтқан ойлары арманшыл балаларды баурап алады. Саяхаттағанды ұнатады. Көкірегіңдегі жетелеген асқақ арманы бас кейіпкерді өмірдің түрлі сопағына салады. Бұл туынды – қиялдаудан қорықпауға, өзгелерге ұқсамауға, ерекшеленуге үндейді. Достықтың адам өміріндегі маңызын айтады.

Қойылымның қоюшы-режиссері және

либреттосының авторы – Евгения Пермякова. «Дракончик Гоша» ертегісі – Асе деген жаңа жылдық ғажайыпты армандаған кішкентай қыздың өмірін баяндайды. Осы арманына аспандағы шоқ жұлдыз бен Гоша деген айдаһар жәрдем береді. Бұл ертегі стандартты сахнада емес, көрермен отыратын орындығы жоқ арнаулы залда сахналанды. Тамашалауға келген балалар да қойылымның бір бөлшегіне айналады.

Ал, «Закладованная планета» ертегісінде 2023 жылдың символы Қоянмен бірге жоғалып кеткен шыршаны іздейді. Іздеу барысында дуаланған ғаламшарға тап болады.

Қойылымдар 7 қаңтарға дейін жалғастық.



Сурет шығарушысының

• БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ

Топ жарғандар

Халық арасында «Махаббат жасқа қарамайды» деген сүйкімді нақыл бар. Біздіңше, ештеңе жасқа қарамайды. Зейнет жасына шықса да, атқа шауып, трактор жүргізіп, боз кілемде белдесіп, тіпті, жастармен бірге жүргіген, қақаған қыста суық суға шомылған қарияларды талай көрдім. «Елуге келіп, университетке түсіпті» дегенді де естігенбіз. Енді, міне, Ақжал кентінде әжелерден жасқалған волейбол командасы аудандық жарыстарда топ жарып жүр.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әжелердің ең үлкені 63 жаста екен. Кішісі – 59-да. Үйдегі тірлікке де, немеренің тәрбиесіне де үлгеріп жүр. Күш-қуат тасып тұр. Керісінше, күйбең тірліктен босаған бетте жаттығу залына асығады. Залды айнала жүгіріп, дене қыздырады, созылып, бой жазады. «Бабыма келдім-ау» дегенде доп соғады. Арасында зілтемірлерді де көтеріп, бұлшық еттерін шынықтырады. Әжейлер ауданды былай қойғанда, обыстық деңгейдегі додаларға тұрақты қатысып тұрады екен.

Команда құрамындағылардың барлығы – Ақжал кентінің тумасы. Осыдан 47 жыл бұрын Марат Алтынбеков есімді бапкер волейболға икемі бар қыздардың басын қосып, «Сәуле» командасын

құрған. Кейін команда тарап кеткен. Бірақ, 20 жылдан кейін бастары қайта қосылып, жоғары дәрежеде өнер көрсетіп жүр.

Команда өкілі Гулмира Исатаеваның сөзінше, әр додаға барған сайын жастардан жасақталған командалар атағы аймаққа жайылған әжелермен ойнауға сескенеді екен. Өйткені, олар өздерінің айқын фавориттер екенін талай жылдан бері дәлелдеп келеді.

– Біз жарыс талғаймыз. Бастысы – бәсекеге түсіп, бабымыз бен бағымызды сынау және тәжірибе жинақтау. Осы уақытқа дейін қатысқан додалардан жүлдесіз қайтқан емеспіз. Ең кемі ІІІ орын алып жүрдік. Өз командама көңілім толады. Бәрі өз ісін жақсы біледі. Шеберліктері ыңдалған. Бәрін мақтан тұтамын, – делі команда капитаны Дариға Ақшолоқова.

• КЕЗДЕСУ

Игорьдің игі ісі

Қазақстан жасөспірімдер лигасы өкілдері футболдан Ұлттық құрама қақпашысы Игорь Шацкий және «Шахтер» U-18 командасының футболшысы Глеб Макридовпен бірге Қарағанды қаласындағы «Әсем» балалар үйінде кездесу өткізіп, мерекелік көңіл күй сыйлады.

Игорь Шацкий өзінің футболға келуі туралы әңгімеледі. Балалар қуана тыңдап, қызықтырған сұрақтарына жауап алды. Сонымен қатар, қонақтарға дайындалған нөмірлерін ұсынды. Ән шырқап, баян, домбыра, гитарада ойнады. Қонақтар балаларға жаңа үлкен теледидар мен Xbox құрылғысын сыйға тартты.

«Балалар өте талантты екен. Жастар – еліміздің ертеңі. Сондықтан, болашаққа бейжай қарауға болмайды», – делі Игорь Шацкий.

Қонақтар балаларға футбол формасын, тәтті жиынтық сыйлады. Естелік суретке түсіп, балалар алғысын жаудырды.



• ХОККЕЙ

«Алматыдан» айласын асырды

«Сарыарқа» клубы шайбалы хоккейден Қазақстанның тұрақты чемпионаты аясындағы сырт алаңда өткен кездесуде лайықты өнер көрсетіп, «Алматы» құрамынан басым түсті.

Бұған дейін бірінші кездесуде жерлестеріміз алматылықтарға 2:1 есебімен есе жіберген еді. Екінші кездесуде жылдам шабуылдар ұйымдастырып, 6:1 есебімен жеңіске жетіп, есесін қайтарды.

Қазір «Сарыарқа» тұрақты чемпионат кестесінде 40 ойын өткізіп, 41 ұпай енішілеп, 7 орында тұр. Енді, жерлестеріміз осы қарқыннан таймай үздік сегіздікте қалуы тиіс. Сонда шлей-офф кезеңінде кубокқа таласа алады.



• ФУТБОЛ

Бас бапкер бабында

Қарағандылық «Шахтер» футбол клубы бас бапкер туралы шешім қабылдады. Бас бапкер Игорь Солошенко келесі маусымда клубтағы жұмысын әрі қарай жалғастыратын болды.

Игорь Солошенконың басшылығымен «Шахтер» клубы деботтлік маусымда жергілікті тәрбиеленушілер арасынан ең көп ойыншы құрама алынған.

Солошенко ойыншы ретінде көптеген жылдар бойы премьер-лигада өнер көрсеткен. Кейін «Шахтер» клубының спорт директоры болып қызмет етті. Сонымен қатар, «Шахтер-Болат» бірінші лигасын басқарған.



Дайындаған Жәлел ҚУАНДЫҚҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Сауатқа Ақпарат» ЖШС

Директор – **Қ.Ж. ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары –
«Индустриальная Караганда»
газетінің бас редакторы –
О.В. МЯГКИХ
Директордың орынбасары –
Г.Ш. ЖҰМАДИЛДИНОВА

Бас редактордың м.а. –
Қ.А. АЙТЖАН
Бас редактор –
Е.К. МҰСАБЕК
Сайт редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтық, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген (®)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігіндегі Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № К218ВРУ00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalay.kz@gmail.com; ortalay.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalay.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJВK2XK БИН 000840001412

Таралымы 4 395

№ 145 тапсырыс. Индекс 65484
Оффсеттік басылым. Кәлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік органында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Ерік НАРЫН**